

*Семей Мемлекеттік Медицина Университеті*  
*Молекулалық биология және микробиология кафедрасы*  
*Кафедра меңгерушісі : б.ғ.д. Профессор Мынжанов М.Р.*

# *БӨЖ*

*ТАҚЫРЫБЫ : ЗӘР ШЫҒАРУ, ЖЫНЫС ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ТҰА БІТКЕН АҚАУЛАРЫ*

*Орындаған : Бейбіт А.Б.*

*Топ : 108, ЖМФ*

*Тексерген : м.ғ.к. доцент Акишпаева О.Т.*

*Семей 2016*

# *ЖОСПАР*

## *1. Кіріспе бөлім*

*1.1 Зәр шығару мүшелері туралы жалпы түсінік*

## *2. Негізгі бөлім*

*2.1 Қуықта , несепнағарда кездесетін туа пайда болатын ақаулар.*

*2.2 Еркек жыныс мүшелерінің туа пайда болатын ақаулары.*

*2.4 Әйел жыныс мүшелерінің туа пайда болатын ақаулары.*

## *3. Қорытынды*


## *4. Пайдаланған әдебиеттер*



*Зәр шығару жүйесі — адамның  
ағзасында, дәлірек, қанда,  
болатын зат алмасу процесі  
кезінде бөліп шыққан сұйық  
күйдегі соңғы қалдық заттарды  
сыртқа бөліп шығарып, аздадағы  
су мен тұздың балансын  
(қалыпты жағдайда болуын)  
қадағалайтын жүйе.*



❖ *Адамның Зәр шығару жүйесі зәрді өндіретін бүйректен, зәрді шығаратын бүйрек тостағаншалары мен бүйрек астауларынан, несеп (зәр) ағардан, қуықтан, несеп түтігінен тұрады. Бүйрек экскреторлық орган ретінде организмнен азоттық зат алмасу өнімдерін – мочевинаны, креатинді, мочевина қышқылын, артық тұздар мен суларды, т.б. бөтен заттарды шығарады. Бүйректің басты қызметі – организмдегі су-электролиттік алмасуды реттеу. Су-электролиттік алмасу реттелген жағдайда, организмдегі қанның көлемі мен осмотық қысымы және денедегі сұйықтық өз қалпын сақтайды. Сондай-ақ, бүйрек организмдегі қышқылды-сілтілі тепе-теңдіктің негізгі реттегіші болып саналады. Организмнен шығуға тиісті зәр бүйрек астауларынан несеп ағарға, одан біртіндеп қуыққа түседі.*



*Қан тамырлары арқылы тасымалданатын қалдық заттардан бүйректе үнемі зәр түзіледі. Ол зәр несеп ағар арқылы қуыққа жетіп отырады. Қуықта жиналып қалған зәр несеп жолы арқылы сыртқа шығарылады. Тірлік етушілердің зәр шығару түтікшесі (несеп жолы) жыныс мүшесінен бөлінетін заттарды да шығаратын болғандықтан ол мүшені несеп-жыныс түтігі деп те атайды.*

❑ Несеп ағар – трубка тәрізді орган, оның бас жағының диам. 2 – 4 мм, ұзындығы 30 см-дей. Несеп ағар төмен қарай, кіші жамбасқа түсіп, одан әрі қуыққа кірігеді. Бұл тұста несеп ағар жақсы дамыған бұлшық ет талшықтарымен (сфинктер) қапталған. Сфинктер зәрдің қуықтан кері қарай, несеп ағарға өтуіне жол бермейді.


❑ Қуық – дөңгелек пішінді қуысты орган, сыйымд. 400 мл, кіші жамбаста орналасқан. Оның түбі, денесі және төбесі болады. Қуықтың қабырғалары жақсы дамыған бұлшық ет қабатынан тұрады. Бұлшық еттің жиырылуы нәтижесінде қуық зәрден босайды. Зәр шығарушы канал – несеп түтігі арқылы қуықтағы зәр сыртқа шығарылады

*Зәр шығару жүйесінің көп таралған аурулары: нефрит, пиелонефрит (бүйректің қабынуы), цистит (қуықтың қабынуы), уретрит (несеп түтігінің қабынуы), т.б. Ер адамдарда, көбінесе, несеп түтігінің қабынуы, әйелдерде қуық пен бұЗәр шығару жүйесі, экскреторлық жүйе – адам мен жануарлар организмiнiң артық суды, тұздарды, зат алмасудан пайда болған қажетсіз заттарды сыртқа шығаратын органдары*

# Қуықта кездесетін туа пайда болатын ақаулар



*Қуықтың агенезиясы өте сирек кездеседі, аллантоистың жеткіліксіз дамуынан пайда болады. Летальдық ақау болып табылады.*



*Қуықтың экстрофиясы-қуық пен құрсақ қабатының жырығы*



*Қуықтың қосарлануы-өте сирек кездесетін аномалия, аллантоистың дұрыс дамуымауынан пайда болады*



*Астанада алғаш рет ота жасалып, сәбилерге жасанды қуық салынды. Ол өмірге келгенде, дәрігерлер бірден несеп жолдарында кінәрат барын анықтаған. Яғни, зәр шығаратын мүшесінің қабырғасы жетілмеген. Соның салдарынан қуығы ұстамайды. Кіші дәретіне өздігінен шыға алмағандықтан, ол әлі күнге мектепке де бармайды. Мұғалімдер үйіне келіп, дәріс береді.*






## *Туа пайда болатын несеп ағар ақаулары*

- Несеп ағардың аномалиясы жиі кездеседі. Көпшілігі өте ауыр болады, арнайы урологиялық зерттеулер мен емдеуді қажет етеді.
- Несеп жүретін жолдар ақауларын үш топқа бөледі
- 1. Сандық аномалиялар (агенезия, қосарлану)
- 2. Туа пайда болатын облитерациялар (атрезия, стеноз, дивертикулдер)
- 3. Жырықтардың болуы (гипоспадия және эписпадия)



**Гипоспадия** – еркек адамдардың жыныс мүшесінің зәр шығару түтігінің жыныс мүшесінің ұшында немесе астында, жыныс мүшесінің өзінде, машонкада орналасуы. Осындай жағдайларда еркек адамдардың жыныс мүшесі мүлде дамымаған, кішкентай, әрі қысқа болып келеді. Егер де ер адамда гипоспадия синдромы болса, онда болашақта баланы өмірге әкелу процесінде, не болмаса жыныстық қатынас кезінде көптеген ауыртпалықтар болып жатады. Тіпті дүниеге әкелінетін баланың жынысын анықтау қиынға түседі.






*Эписпадия- жыныс мүшелерінде кездесетін ақаулардың бірі.*

*Гипоспадияға қарағанда сирек кездеседі. Кездесу жиілігі 50 мың жаңа туған сәбидің 1-іне кездеседі. Оның пайда болу сатысы белгісіз алайда кейбір ғалымдардың пікірі бойынша оған экологияның әсері бар.*



Жыныс жүйесі (половая система) — адам организмдеріндегі жыныстық көбеюді қамтамасыз ететін **мүшелер жүйесі**. Мысалы, сүтқоректі жануарларда жыныс жүйесі — **жыныс** бездерінен (ен, жұмыртқалық), **жыныс** жолдарынан (**шәует жолы**, жұмыртқа жолы, **жатыр**), қосымша **жыныс** бездерінен (еркек жыныстыларда) және **жыныстық қатынас** мүшелерінен (еркек жыныстыларда — қаса, **қамшы**, түкі, ал ұрғашы жынысты қынап) тұрады. Ұрықтану процесі жатыр түтігінде (жұмыртқа жолында), ал ұрықтың дамуы жатырда жүреді.



*Жыныс мүшесінің туа біткен  
ақаулары*

- *Гермафродитизм бір жекелеген түрде, Мюллеров не Вольфов азымының тармақтары, ер мен аналық жыныс безімен немесе аналық жыныс безі дамуымен сипатталатын ауытқу. Нақтылы гермафродитизм сирек кездеседі. Гермафродитизм бірінші хромосома жинағының бұзылуы салдарынан пайда болуы мүмкін. Мысалы, дененің бір жасушаларында аналық хромосомдар жинағы болады, яғни екі X-хромосомдар, ал басқаларында X-және Y-хромосомдар тобы болады.*
- *Гермафродитизм ішкі секреция бездері аурулары салдарынан да дамиды*








# Гермафродитизм

- — қалыпты жағдайдан ауытқу, патологиялық жағдай)
- — бір организмде аталық және аналық жыныс мүшелерінің болуы.
- Гермафродитизм — табиғи және аномальды немесе ауытқу(грек, *anomalía* - ауытқу) болып екіге бөлінеді.
- Табиғи гермафродитизм кейбір құрттарда және т.б. қозғалыссыз тіршілік ететін омыртқасыз жәндікгерде кездеседі.
- Аномальды гермафродитизм (қызтеке) — адам мен омыртқалы жануарларда болады. Әдетте, аномальды гермафродитизм — жыныстық көбеюге бейім емес, ұрпақсыз организм.




*Женская и мужская половые системы у червя планарии*

*Еркек жыныс мүшелерінің  
туа пайда болған ақаулары*



- *Еркектің жыныс мүшесінің агнезиясы және гипоплазиясы, фимоз, парафимоз, еттің агнезиясы, полиорхидия*

*Әйел жыныс мүшелерінің  
туа пайда болған ақаулары*



- *Парамезонефралдық түтіктің дамымауынан жатырдың, қынаптың агнезиясы, гипоплазиясы Парамезонефралдық түтіктердің түгел болмауынан жатырдық атрезиясы*

**Фимоз** дегеніміз - ер жыныс мүшесінің ашылмай қалуы немесе белгілі бір ауырсынуды сезінгеннен кейін ашылу. Ол негізгі 4 кезеңнен тұрады. Балаларда көбінесе 2-3 жасында кездеседі.



# Қорытынды

*Зәр шығару жүйесі* — адамның ағзасында, дәлірек, қанда, болатын зат алмасу процесі кезінде бөліп шыққан сұйық күйдегі соңғы қалдық заттарды сыртқа бөліп шығарып, ағзадағы су мен тұздың балансын (қалыпты жағдайда болуын) қадағалайтын жүйе.

*Зәр шығару жүйесіне кіретін бүйректе жаңадан қан түзетін гемопоэтин гормоны мен қан қысымын реттейтін ренин гормоны түзіледі. Егер зәр шығару жүйесінде ақау пайда болса, салдары ауыр болуы ғажап емес. Асқынған түрі кейде адам өліміне әкеп соғады.*



## *Пайдаланылған әдебиеттер:*

- ❖ Медициналық биология, Қазымбет П. К, Аманжолова Л, Нұртаева Қ , Алматы 2002 жыл
- ❖ Интернет материалдары



*Назарларыңызға рахмет!*

